

Петицияда қазақтардың орманды пайдалануға рұқсат беруіне, көшпелі аудандардағы тұзды және балық көлдерін қазақтарға пайдалануға беруіне байланысты талаптар да қамтылған. Бұл көлдерді жергілікті тұрғындардан сенім білдірілген және уәкілеттік берілген адамдар арқылы жалға беру қарастырылған, ал жалға беруден түскен ақшаны азық-түлік қорларын жинау үшін пайдалануға болатын депозиттерге жинау керек еді.

Өнеркәсіп ісінде қазақтар өздерінің тау – кен ісімен айналысуына, сондай-ақ өз зауыттарын ашуына, ал олардың өздері тау-кен істерімен айналысқысы келмеген жағдайда-пайдалы қазбалар орналасқан өз жерлерін жалға беруге рұқсат беруін сұрады.

Қазақ сенімді өкілдері қазақтардан Ресей империясының кез келген аймағында жылжымайтын мүлікті сатып алу құқығын өлкенің басқа тұрғындарымен теңестіруді сұрады және мемлекеттік қызметті қандай да бір шектеусіз еркін атқаруға үміт білдірді.

Осылайша, петиция, оның ішінде Қарқаралы петициясы ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси өміріндегі маңызды сәттердің бірі болды. Онда қазақ қоғамының ең өзекті мәселелері: тіл, дін, білім, шаруалардың қоныс аудару мәселелері, іс қағаздарын жүргізу және т.б. шоғырланған түрде айтылды. Бұл сонымен бірге патша автократиясының отарлық әрекеті кезінде халықтың бұзылған құқықтарын қорғауға деген шешімін дәлелдеді.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Букейханов А. «Киргизы» (Формы национального движения в современных государствах). Под. ред. А.И.Костянского, Петербург, 1910, С.577-600.
2. Жұмабаев М. Таңдамалы шығармалары. - Алматы: Білім, 2008. – Т.2.-512 б.
3. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
4. Ақбаев Ж. Қазақтың әдет құқы, оның ішінде неке құқы туралы жазбалар [Мәтін] / Ж. Ақбаев // Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері. – Алматы : Жеті жарғы, 1997. – Б. 81-86.
5. Abai.kz интернет желісі
6. Санжар Асфендияров «История Казахстана с древнейших времен» (Алматы, 1993)
7. Рыскулов Т. Избранные труды, Алма-Ата, 1984. С.150
8. Тайшыбай З. «Қарқаралы петициясы» туралы ақиқат. Ақиқат журналы. 2003. №7.
9. Бөкейханов Ә.Н. Қазақтар: тарихи-этнографиялық еңбектер (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 14-ші том). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006, - 304 б.-стр 19-22.

### АЛАШ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Айтқожина Ш.М., магистрант

А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті  
Көкшетау қ., Қазақстан

Алаш азаматтарының басым көпшілігі ұлт мүддесі үшін аянбай күрескен, сол жолда жандарын қиған ерлер. Олар өз жырларында барлық ерлерді бостандық, еркіндік, ел қамы үшін күресуге, бірігіп тізе қосуға, бір тудың астына бірігуге шақырған. Алаш зиялылары бастаған рухани мәселелер бүгінгі Қазақстанның тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатыр дегенде, олардың осы тақырыптар төңірегіндегі ойларының қазірде де өміршең екендігін аңғаруға болады. Осы идеяның сарынының бүгінгі күнде де исі аңқып тұрғаны белгілі. Қазіргі таңда жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы болып табылатын Мәңгілік Ел ұлттық идеясы ата-бабаларымыздың сан жылдардан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман –тұрмысы байқуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Міне, осы идея алаш әдебиетшілерінің де туындыларына арқау болған. Алаш зиялылары тәуелсіз мемлекет құрып, халқын бір кездерде уысынан шығарып алған азаттыққа жеткізуді армандады, сол үшін аянбай күресті. Тәуелсіздік идеясы қазақ халқының да ХVIII ғасырдан бастап көкейкесті мәселелерінің бірі болды. Ресей бодандығын қабылдауға мәжбүр болған халықтың тәуелсіздік уақыт өте келе қол жетпес арманына айналды. Сол үшін де халық талай ұлт-азаттық қозғалыстар мен көтерілістерге шығып, батырлары, ел қамын ойлаған азаматтары тәуелсіздік жолында өз өмірлерін құрбан етті.

XIX ғасырдың екінші жартысынан басталған қазақ ішіндегі күрес-тартыстардың басында болған қайраткерлер халқын орыс езгісінен азат етуді көздеді. Олар елін отарлаудан құтқарып, ашық түрде күреске бастады. «Олардың алға қойған мақсаттарының бірі – жер мәселесі еді. Бұл қазақ қоғамында

отарлық кезеңнен бері шиеленісіп келе жатқан өзекті мәселе. Жер мәселесін шешуде қазақ интеллигенттері Ресей Мемлекеттік Думасын, патша үкіметінің әкімшілік органдарын пайдалануға тырысты» [1, 4 б.]. Қазақ тіршілігінің негізі болған жер мәселесі ертеден-ақ өзекті болған. Өздерінің отарлау саясатының басты нысаны ретінде қазақтың ұлан-байтақ жеріне иелік етуді көздеген патша үкіметіне қарсылық жасап, жер-жерде өрістеген қарсылық – көтерілістердің басы-қасында болған қазақ зиялылары бұл мәселені жоғары органдар деңгейіне көтереді. Қазақтың көрнекті қоғам қайраткері Ә.Бөкейхан «Государственная Думада», «Төртінші Дума һәм қазақ» мақалаларында осы мәселені түбегейлі көтеріп, жер бөлуде қалыптасқан көзқарас-пікірлердегі қайшы тұстарды саралайды. Қазақ жұртына тиімсіз болып тұрған мәселелерді ашып, көрер көзге әділетсіз шешімдерге наразылық айтады. Алдымен жергілікті жұртты орналастырып алып, содан кейін переселендерге кірісу керектігін, қазаққа мал жайылымы үшін қалдырылған жерді енді жаңа заң бойынша орысқа ұзақ жылға жалға берілмеуігін айтып, өз жеріне өзі жат болған қазақ тірлігіне ара түседі [2, 300-301 бб.]. Ұлт қайраткері Әлиханнның халқының тағдырына түбегейлі кірісуі сан тарапты қызметінен көрінді. Ол қазақ халқының саяси-әлеуметтік жағдайын ғылыми тұрғыда зерттеп, пайымдау үстінде, экспедиция құрамында қазақ жерінің біраз өлкелерін аралап, зерттеу жүргізеді. Мұның ар жағында қазақтың шежіре тарихына терең бойлап, ондағы әрбір рудың, жүздердің орналасу жүйесін анықтайды. Ә.Бөкейхан осындай белгілі бір мақсатты нысан еткен жұмыстарды тындырған соң, елге келіп қоныстанып жатқан переселендердің жай-күйін зерделеп, олардың шаруашылық жағдайларының тиімді, тиімсіз жақтарына экономикалық тұрғыда сараптау жасайды. Яғни Әлихан қазақтың тарихындағы мәнді тұстарды әбден саралап, өз дәлел, тұжырымдарын ғылыми айғақтармен бекіте алған.

Қазақтың жер мәселесіне байланысты белсенді қызмет еткен тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай. Өзінің саналы ғұмырын халқының жоғын түгендеуге арнаған Мұстафа Петербор университетінің студенті болып жүргенде-ақ, жерлестерінің арыз-шағымдарына араласып, мұқтаж істеріне қол ұшын беріп отырған. Халқының ұлттық мүддесін жоғары қойған М.Шоқай елінің бостандыққа жетуін аңсады.

Баспасөз өркендеп, сөз пәрмені күшейген кезде, басылым беттерінде қоғамдық-саяси өмірде жасалған, жасалып жатқан өзгерістер мен іс-әрекеттерге жан-жақты пайымдаулар жасалып, көзқарастар қалыптаса бастады. Осы ретте «Яш Түркістан» (1929-1939) журналының маңызы ерекше еді. Германиядан шығып тұрған басылымның алдына қойған міндеті туралы М.Шоқай: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік жолындағы талаптарының мән-маңызын әлсіретпей «Яш Түркістанның» беттерінде бере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік», - дейді [3, 86].

Қайраткер М.Шоқай «Яш Түркістан» журналында әр тарапты маңызды мәселелерді қозғайтын мақалаларды жариялап отырған. Оларды тақырып жағынан былайша саралауға болады:

- жер-су, шаруашылыққа байланысты;
- ұлт мәселесіне байланысты;
- большевиктік іс-әрекеттер туралы;
- өзге ел, мемлекеттер жайлы;
- жекелеген адамдар, қайраткерлер жөнінде;
- халықаралық жағдай туралы.

Осы топтастырылған мәселелердің ішінде жер мәселесі басты орындардың бірінде еді. М.Шоқай «Түркістанда мақта төңірегінде күрес» мақаласында сол кездегі маңызды іс – мақта мәселесіне тоқтап, мән-жайды баяндайды. Мақта шаруашылығын өркендету елдің қаншама қаражатын үнемдеп, шетел мақтасына тәуелділіктен құтқарады. Бұл үшін жаңа жерлерді суландырып, алқаптағы істен шыққан су жүйелерін жөндеп, іске қосудың жоспарланғаны туралы айтады. Мақта өсірудің бес жылдық жоспарындағы сандық көрсеткіштерге тоқтап, алдағы дамуына болжам жасайды. «Мемлекеттік жоспарлау комитеті және Бас мақта комитетінің берген мәліметтеріне қарағанда, Кеңес өкіметі шетелдерге мақта тәуелділігінен тек 1937 жылы ғана құтыла алады екен. Оған дейін ол шетелден әкелінген мақтаға қыруар валюта төлеуге мәжбүр» [3, 56 б.]. Осылайша, мақта шаруашылығын ұлғайтуды көздеп, дәнді дақылды өсіруді азайтса, ол астық тапшылығына ұшырататынын айтады. Сөйтіп патша өкіметінің мақта егісін көбейтіп, астықты сырт елдерден сатып алуды барынша қолдап-қорғаған саясатын сынайды. «Бүгін орыс үкіметі Түркістан халқының қаны мен жаны, беделіне пара-пар дәнді дақылдарды суармалы жерлерінен ығыстырып шығаруды көздеп, халықты орыс бидайына тәуелді етіп, оны күнкөріс тұрғысынан оларға байлап беріп отырғанын» ашына жазады. Жергілікті халықтың қолындағы жерлерді орыстың келімсектеріне амалын тауып беріп жатқан айтып, осы салада жүргізілуге тиісті күрес бағдарын айқындап отырады.

«Қазак» газеті ұлт-азаттық қозғалысының бостандық үшін күрес идеясына ұласуына зор әсер етті. Алашорда құрылған тұста тәуелсіз мемлекеттің идеологиясына негіз болған осы идеялар еді. Ахмет пен Міржақып идеясы елді оятты. Алдымен ойы бір, ақылы бір жас таланттар оялды. Олар ұстаздарының ісін жалғастырып алып кетті. С.Торайғыров, М.Жұмабаев, С.Дөнентаев, М.Сералин, С.Көбеев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов сияқты бірін-бірі толықтыра шыққан жастар тобы әдебиеттің жанрлық, тақырыптық ізденістерін байытып, қазақ халқы өмірінің шындығын кең көлемде бейнелеуге жетті. Елдің артта қалушылығын сынап шеней отыра, отаршылдық езгіге қарсы үн көтерді, тәуелсіздіктің туын биік ұстауға тырысты. Бұл салада Сұлтанмахмұттың таланты айрықша танылды. Ол Алашорда көтерген идеяның жауынгер жақтаушысы болды. Ұлт көсемдерінің соңынан еріп, қазақ халқына атар таң, келер жарық, сәуле, нұрды солардың есімімен байланыстырды. “Таныстыру” (1918) поэмасында “Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов... бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі Айым” деуінің де сыры осында. “Әлиханнның Семейге келуі” (“Сарыарқа”, 1917. 30 қазан, 13 қараша) атты мақаласында Сұлтанмахмұт елдің “еңбегі сіңген ерін” күтіп алғанын суреттей келіп: “Ол ері – елі үшін құрбандыққа жанын берген, бит, бүрге, қандалаға қанын берген, көрдей сасық ауа, темірлі үйде алаш үшін зарығып бейнет көрген, басқан аяқ кер кеткен заманда жасымай алашына қызмет еткен, болса да қалың тұман, қараңғы түн, туатын бақ жұлдызына көзі жеткен, түймеге жарқылдаған алданбаған, басқадай бір басы үшін жалданбаған, қайткенде алаш көркейер деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған Әлихан Нұрмұхамед ұлы Бөкейханов еді”, – деп жазды. Осы сөздердің өзі-ақ Сұлтанмахмұттың Әлихан бастаған іске тілектестігін танытады. Ол Алашорда құрылған күндері “Алаш ұранын” жазып, патшаның құлауына, елдің автономия алуына қуана үн қосты. Сұлтанмахмұт шығармашылығы ақынның заман туралы үлкен толғанысынан туады. Әсіресе, оның романдары реалистік өнердің күшімен ХХ ғасыр басындағы қазақ елі өміріндегі қайшылықтар мен рухани сілкіністі кең бейнелейді. “Қамар сұлуда” ол қазақ әйелінің тағдырына үңіле отырып, ескі ауылды құрт аурудай есеңгіреткен, тоздырып бара жатқан қараңғылықты, әдет-ғұрыптың кертартпа жақтарын ашына сынап суреттесе, «Кім жазықтыда» қазақ қоғамы жайлы ойларын ел билігін ұстаған адамдардың әрекеті арқылы көрсетеді. Әжібайды жаңалық атаулыға бөгет болып, ескі тіршілікті бар күшімен қорғап отырған ауыртпалықтың шындық бейнесіне айналдырады. Ақынның “Шындықтың аулын іздеп шығуы да” заман, уақыт әсері[1, 267б.].

Сұлтанмахмұтпен бірге Алашордаға қатысып, оған арнап өлеңдер жазған ақын Сәбит Дөнентаев еді. Оның өлеңдерінде қазақ халқының тағдыры мен ішкі өмірінің қайшылықтары терең қойылды. Ақын патшалық Ресейдің бодан халық жөніндегі саясатына сенімсіздікпен қарап, әкімшіліктің зорлық-зомбылығына қарсы үн көтерді. Ол өмір шындығын аллегориялық әдіспен, тұспалдау жолымен суреттеді. Заманның азулы мен тырнақтынікі екенін көрді. Адам төзгісіз тығырыққа тірелген халықты бірде-бір жағы өрт, бір жағы жар ортасында тұрған бейнеде, бірде биік таудың тасасына тығылған мүсәпір күйде бейнелейді.

Кез келіп арыстанның арбауына,  
Тап болып қу түлкінің алдауына,  
Бірі ойнап, бірі шындап итермелеп,  
Тықсырды жердің биік жарлауына.

немесе:

Біз келдік биік таудың, панасына,  
Жаһанның сыймай сахара даласына,  
Құйын мен жел, дауылда аман-есен,  
Биік тау, бізді сақтап қаласың ба?  
Тынышты алып төбемізге тас құлатып,  
Әлде өзің тырнағыңды саласың ба?

– деген жолдар Сәбиттің отаршылдыққа деген көзқарасын айқын танытады. Ақыры биік тау пана бола алмады, төбесіне тас құлатып, тырнағын салды. Қазақ биік жар мен өрттің ортасында қалды.

Қазақ арасынан шыққан зиялылар негізінен гимназияда, жоғары оқу орындарында, орыс-қазақ мектептерінде оқып, қандай білімге ден қойса да, алдыңғы қатарлы ой-пікірлердің бастаушысы болды. Қазақ қоғамына еніп жатқан өзгерістерді оң қабылдап, оны халқының дәстүр-салтымен сабақтастырып отырды. Қайткенде де алдыңғы лекте болған алаш зиялылары қоғамдық-саяси, мәдени қызметтерінің барлығын туған халқының игілігіне, болашағына арнады. Мәселен, Ә.Бөкейхан түрлі мерзімді басылымдарда қазақ халқының фольклор үлгілерінен үзінділер беріп, зерттеу еңбектерін жариялады. Өз тұсындағы қаламгерлердің шығармаларына да назар салып, халыққа таныстырып отырды. Ал туған елінен жырақта болған Мұстафа Шоқай ел еркіндігін аңсап, ұлт

тағдырын, оның келешегін жастармен, олардың білім-танымымен байланыстырды. Ол жастар туралы «...Еуропада, Түркияда бірталай жастарымыз оқып жүр. Олардың біразы жоғары білім орындарын бітірді. Міне, бұл жастарымыз атамекеніміздің тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресін соңына дейін жеткізетін болады» деген сенімді пікірде болады. Жастарға үлкен үміт артқан Мұстафа «Яш Түркістан» журналына ақын-қаламгерлердің әдеби мұраларын жариялап, жастардың жүрегіне ұлттық құндылықтар тәлімін сіңіруге тырысты. Мәселен, Мағжанның «Түркістан» өлеңін елдің түкпір-түкпірінде жүрген жастардың аузынан түспей келе жатқан «дұғадай қасиетті өлең» деп атап, оның толық мәтінін береді. Сөйтіп «кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиялды» Тұранның ерлеріндей болуға шақырады.

Қоғамның ілгеріге озған зиялы қайраткерлері әлемдік ойдың көшбасшысы бола отырып, адамгершілік пен гуманизмге негізделген даму жолын мұрат тұтты, халқын ояту мен рухани өркендету жағында болды. Бір ғажабы олар осындай игілікті істерін ел-жерінен шалғайда жүріп те басты бағдар етті.

Қай кезеңде де халық санасын қозғаған, іс-әрекетке шақырған тұлғалардың еңбегі ескерусіз қалмақ емес. Сондай қайраткердің бірі – шалғайда ғұмыр кешкен, белгілі алашшыл қайраткер Хасен Оралтай. Жат жердің аласапыран күресі мен тартыс-азабын жастайынан басынан кешкен Хасен ес білгеннен бастап, туған ел-жерінің тілегін, ынтымағын тілеп өткен. Х.Оралтай – журналист, тарихшы, қоғам қайраткері ретінде алашшыл бағыттан жаңылмаған тұлға. Х.Оралтайдың Түркия мен батыс елдеріне Қалибек Хакім атанған әкесі Қалибек Райымбекұлы шетқақпай тірлік кешкен ағайынның басын қосып, тұрақтап қалатын мекен іздеуде көпшілікті бастай білген. Ұзақ сарпылған сапардан соң, Түркия жерімен қауышады. Салихлы қаласына орналасып, мал өсіріп, теріден киім тігіп кәсіп жасаған Қалибек ел-жерді ойлап, өздерінің қазақ жұрты екенін таныту мақсатында айналасынан хабар алып, бастарын біріктірудің әрекеттерін жасап бағады. Қалибек елді азаттық көтеріліске бастап, Қытай елінің қысымына қарсылық көрсетіп, елді әрекетке жұмылдыра білген. Осындай жат елде жүріп, халықшыл мақсатты нысан еткен Хасен Оралтайдың қоғамдық-саяси бағыттағы қадамы ерте айқындалады. 1961 жылы ол «Шығыс Түркістан Қазақ түріктері азаттық жолында», 1965 жылы «Бүйүк Түркішіл Мағжан Жұмабайұлы» деген кітаптарын жариялап, осы жылдары «Бүйүк Түркелі» журналы мен «Коммунизм Сауаш» газетін шығарып, мақалалар жаза бастайды. Бұл қайраткерлік әрекеттер шет өлкеде қазақ есімінің танылуына көмектесті.

Х.Оралтай 1961 жылдың көктемінде «Еркіндік жолында Шығыс Түркістан қазақ түріктері» деген тұңғыш кітабының алғысөзінде: «Әр күн қорқу мен үрейлену және мың бір түрлі қауіп-қатер ішінде өмір сүрудің қиыншылығын тек басынан өткізгендер ғана біледі. Сол азап пен ауыртпашылықтарға душарласып, оған шыдап-төзбеуіміздің себебін сұраудың қажеті бар ма? Бұл сауалға бір-ақ ауыз сөзбен жауап беруге де болады: түрік тектес болуымыз, ерікті адам болып өмір сүруді көксеуіміз». Х.Оралтайдың бұл тырнақалды еңбегі Түркияда қазақ атымен шыққан әрі қазақ жазған тұңғыш кітап болуымен ерекшеленеді.

Хасан Оралтайдың ұлтжанды әрекеттерінің бірі – Измірде түрік тілінде «Бүйүк түрікші Мағжан Жұмабайұлы» деген кітапты шығаруы. Бұл кітапты жазудағы себебін автор: «Бұл кітапты әзірлеуіме біздің «түркістаншыл» туыстарымыздың Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан екі дүние есігі ғой» деп басталатын әйгілі толғауын көбірек тілге тиек етіп, Мағжанның «Түркістандық ақын» екендігін айтумен шектелетіндігі, оның қазақ екендігі туралы үн шығармайтындығы, сондай-ақ Түркия түріктерінің түрікшіл тобының маған Мағжанды, оның еңбектерін жұртшылыққа таныту керек деген пікір айтулары», - деп түсіндіреді. Бұл шет елдегі қазақтың санасына ұлттық қозғау салған еңбек болды. «Түрікшілдік белгілі бір қоғамдық құбылыс ретінде танылды. Ресейдің отарлау саясатына қарсы бағытталған азаттық қозғалысты бастаушы ұлт зиялыларының түрікшілдік бағыт ұстауына ұлы түрік рухының өлмегендігі, ғасырлар қойнауынан бері қарай түрік халықтарымен бірге жасасып келе жатқан азаттық философиясының санада сақталғаны негіз болды» [4, 5-8 б.] деген пікірге ден қойсақ, қазақ зиялыларының халқы үшін қаншалықты еңбек сіңіргенін байқаймыз.

Атамекенінен амалсыз қара үзген ұрпақ өкілі Х.Оралтайдың қоғамдық, қайраткерлік қызметінің бірнеше салада өрбігенін байқаймыз. Соның бірі – өмірінің отызға жуық жылын арнаған «Азаттық» радиосындағы еңбегі. Германияның Мюнхен қаласындағы «Азаттық» радиосы 1953 жылы жұмысын бастайды. Бұл қызметке аса жауапкершілікпен кіріскен Х.Оралтай радио хабарларына кірістірілетін ақпараттардың мазмұн-мәнін зер сала сараптап, негізді материалдарды беруге мұқият қарайды. Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланғанын естігенде, сүйінші хабар дайындап, бұл қуанышты хабарды жеткізу бақытына ие болғанын тебірене жазады.

Х.Оралтай өз ұлтының тәуелсіздігіне шаттанып, әдебиеті мен тарихының шынайылығының жақтаушысы қатарында, айғақты мәліметтерді толассыз, мақсатты түрде ұйымдастырып отырады.

Соның бір дәлелі – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына байланысты сараптауы мол, шынайы хабарларды жеткізіп отыруы еді. Осыған байланысты желтоқсан айында әр жылы «Азаттық» радиосының қазақ бөлімі арнайы хабарлар ұйымдастырып, сұхбаттар жүргізуді үрдіс етеді. «Түркістан Мұхтарияты» үкіметінің құрылған күнгі мүшелеріне арнап, М.Тынышбайұлын, М.Шоқайұлын еске алу хабарларын өткізеді. Өз қоғамының даму өресін басқадан бұрын байқап, халқының есесін түгендеп, ұлттық қасиетін тереңдетіп отыру ұлтжанды азаматтарға тән болса, қайраткер Хасен Оралтай сондай белгілі тұлға.

Бүгінгі ұрпақтың кешегіні білуі, бағалауы ұлтымыздың болашағы үшін қажет. Соның ішінде, халқымыздың рухани өміріндегі ең қасиетті мол қазына алаш арыстарының мұралары. Алаш зиялыларының еңбектері туралы бүгінгі күнде жазылып та айтылып та жатыр. Олар насихатталып, бүгінгі ұрпаққа пайдасы тиюі керек. Бізге қойылар негізгі міндет – ғалым Д.Қамзабекұлы атап көрсеткен: «алаш рухын насихаттау сол зиялылар секілді тәуелсіз ойлауға, кез-келген нәрсені салмақтап, оған ұлт мүддесі тұрғысынан баға беруге үйрену» [3.109 б.]. Дәл қазіргі күні ана тіліміздің көсегесі көгермей тұрғаны, дініміздің мүшкіл халі, рухани құндылықтар мен адами қасиеттеріміздің биіктен көріне алмай жатқаны ұлттық рухты оянбай, жетіспегендігінен деп түсінеміз. Сондықтан біз сөз еткелі отырған бүгінгі күні ең өзекті мәселе – ұлттық рухты оятуға, туған халқын өрге сүйреуге бар күш жігерін жұмсаған Алаш ақындарының бізге артқан аманаты еді. Алаш азаматтарының басым көпшілігі ұлт мүддесі үшін аянбай күрескен, сол жолда жандарын қиған ерлер. Олар қоғамдағы маңызды жұмыстармен айналыса жүріп, қуғын-сүргін азабына қарамастан, әдебиет, публицистика, журналистика, сын, ғылым, аударма салаларында бай мұра қалдырды. Алаш арыстары – табиғатынан асыл туған, айрықша дарынды жандар. Бұл буын өкілдері қазақтың әдет-салтымен тәрбиеленген, мұсылманша хат танып, исламның иманды бұлағынан нәр алып, одан кейін жәдидше, орысша оқып, бірнеше тілді меңгерген жандар. Олар үлкен мәдени қалаларда білім алған өз заманының көзі ашық зиялылары, сондай-ақ сан салалы мамандық иелері екенін де ерекше айтуымыз керек. XX ғасыр басындағы ұлттың ояну кезеңінің жалынды жаршысы, Сұлтанмахмұт Торайғыров Алаштың ардақты азаматтарына жан даусымен Алаш деп ұран салады. Ол барлық ерлерді бостандық, еркіндік, ел қамы үшін күресуге, бірігіп тізе қосуға, бір тудың астына бірігуге шақырады.

Алаш туы астында,  
Біз – алаштың баласы.  
Күніміз туып көгерді,  
Сарыарқаның даласы.  
Кұрт аурудай жайлаған,  
Кұртпаққа бізді ойлаған,  
Қанымызға тоймаған,  
Қолымызды байлаған,  
Ерімізді айдаған,  
Елімізді лайлаған.  
Жерімізді шимайлаған,  
Өшті залым қарасы.

Жасасын, алаш, жасасын! [3, 86 б.]. Ақынның бұрыннан бері ішінде қайнап жүрген бүкіл арманы осылай ұран болып шығады. Ол Алаш партиясының ұранын құптап, бостандық жолындағы алдағы күнге жасаған жоспарына шаттана қосылады. «Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, бірлікке, ел тұтастығы үшін күреске шақырады» [3.105]. Аталған кезең әдебиетін «Алаш ұранды әдебиет» деп анықтаған ғалым академик Р.Нұрғали Алаш азаматтарының көздеген мақсаты мен ұстаған бағытын былай деп түсіндіреді: «Алаш қозғалысына қатысып, «Алаш» партиясын құрысып, Алашорда үкіметін жасаған қайраткерлер ішінен қазақ әдебиетінің алтын діңгек, сом тұғырлары шықты. Отаршылдықпен шайқас, артта қалушылыққа қарсылық, надандықты мансұқ ету, азат, тәуелсіз, демократиялық, дербес мемлекет құруды биік нысана ету, белгілі бір тап мүддесі емес, жалпы ұлт мақсаты үшін күресу, өркениетті нысана тұту – бұл Алаш ұранының астына жиылған ұлылы-кішілі азаматтардың баршасының дүниетанымына ортақ, етене қасиет, сапалар еді» [3.112]. Елінің ұлттық мүддесін көксеген, ұлтының өркениетке жетуіне бар күш-жігерін жұмсаған халқымыздың қайратты қамқор азаматы А.Байтұрсынов биік пафостағы азатшыл рухты қазақ әдебиетіне алғаш болып алып келді. Ахметтің өлеңдеріндегі ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – «Маса» жинағындағы басты сарын. «Ақын елін маса болып шағып, оның намысы, жігерін оятуға бет алған. Сондықтан болар, азаматтық сарыны басым бұл өлеңдер сол кездегі зиялыларға ерекше әсер еткені белгілі» [3, 128 б.]. Жан-жақтан қысқан қайғыны ұлғайтып, уытын жайып, елдің басына қара бұлт торлап отырғанын жүрегі ауыра отырып толғайды.

Қоғам өзгерісін жан-жақты әрі терең таныған зиялы тұлғалар халқының ұлттық санасының оянуына қажетті мәселелерді дұрыс барлап, әрі қарайғы өрлеуіне ықпал етті. Ұлтының тәуелсіздігін көксеріп, рухының жоғары болуын қолдаған қайраткерлердің осы арнадағы мұрат-мақсаттары да, көзқарастары да үндес еді.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Алаш, 1991.
2. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш // Бес томдық шығармалар жинағы. 1 том. Алматы: Алаш, 2003.
3. Смағұлова С. Ұлттық интеллигенция және XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе. Автореферат. Алматы, 1999.
4. Яш Түркістан туралы көбірек мәлімет үшін қараңыз: Қара Ә. Мұстафа Шоқай Өмірі Күресі Шығармашылығы. Алматы, 2004, 263-273 б.
5. Шоқайдың Қазақстанда “халық жауынан” халық батырына көтерілу процесі үшін қараңыз. Қара Ә. Мұстафа Шоқай Өмірі Күресі Шығармашылығы. Алматы, 2004, 220-255 б.
6. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Алматы, 1995.
7. Шоқай М. Таңдамалы. Бірінші том. Алматы, 1998.
8. Шілдебаев С. XIX ғасырдың 1-жартысындағы Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқай // Жас Түркістан, 1999. №2-3.
9. Тілешов Е. «Алаштың» жолы // «Алаш қозғалысы» жинағы, Алматы, 2008.
10. Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы: Қазақ ССР ғылым академиясы баспасы, 1961.
11. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы, 1995.
12. Омарбеков Т. Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы // Ақиқат. - 1994. - №9-Пб.
13. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері: саяси құқықтық көзқарастарының қалыптасуы. - Алматы, 1998.
14. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 1-том.
15. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. - Алматы, 1994.
16. Бөкейхан Ә. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Алматы, 2003.
17. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. - Алматы, 1992.
18. Қойгелдиев М. Алаш өткен жол // Ақиқат. - 1994.
19. Бөкейхан Ә. Таңдамалы қазақ энциклопедиясы. - Алматы, 1995.

### БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ МҰСЫЛМАН МЕКТЕПТЕРІ

**Байбулсинова А.С.**, т.ғ.к., доцент

**Сүлейменова Э.А.**, магистрант

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Орал қ., Қазақстан

Патшалы Ресей қазақ жерін отарлауды бірнеше тарапта жүргізді. Соның бірі діни саясаты. Мұсылман дінін қолдаған сипатта болып, ел ішіне ылаң салу XIX ғасырда патшалы Ресейдің басты саясатына айналды. Ресей үкіметінің қазақ халқының діни саясатына жүргізген реформаларында татар ұлтын таңдап алуындағы басты себеп қазақ халқының бұл ұлтқа туысқандығы мен сол уақыттарда халқымыздың арасынан ислам ғұламаларының рөлінің жоғарлығында болатын. Татар молдаларынан жасақталған топ қазақ жазирасында тыңшылық қызметтерді де атқарған болатын.

Ислам дінін отарлық езгі саясатына ыңғайластыра қолдаған осы істердің бірінде патша үкіметі қазақ халқының діни саласын өз уысында ұстады. Мәселен, 1868 жылғы Ережедегі «Қазақтың құқы», «Қазақтың діни істерін басқару» бөлімдерінде: «Қазақтар дін ісі бойынша Орынбордағы дін ислам мүфтиіне қарайды. Қазақтардың жергілікті жердегі діни істерін тағайындалған молдалар жүргізеді, ол азаматтық басқармаға, сол арқылы Ішкі істер министрлігіне бағынады. Қазақтардың арасында бір болысқа бір тағайындалған молда бекітіледі. Молданың сайланғаны туралы ақпаратты уезд бастығына жолдайды, ол мұны бекіту үшін облыстық басқармаға жібереді. Молдалар Облыстық басқарма мен Әскери губернаторлардың шешімімен бекітіледі не босатылады. Мешіттер тек қана генерал-губернатордың рұқсатымен салынады. Мешіттің жанынан жергілікті балаларды оқыту үшін мектеп ашуға молда міндетті түрде уезд бастығының рұқсатын алуы керек», - деп жазылған. Сырт қарағанда мұнда дін таратушы молдалар санын көбейтіп мұсылмандыққа жол